

№1 хаттама

2025 жылдың сәуір айының 8-і күні Абай атындағы жалпы орта мектебінің ұжым мүшелерімен жиналыс болып өтті.

Қатысуға тиісті мұғалімдер саны-118

Қатысқаны - 98 (4 – денсаулығына байланысты, 4 – жарыста, 12- сабақта)

Жиналыс төрайымы: Ж.Хасанова

Хатшы: Б.Қайсағалиева

Күн тәртібінде:

Ұжым мүшелеріне «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» ҚР-ның 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-Ү заңы туралы және сыбайлас жемқорлыққа мәдениетті қалыптастыру бағытында түсінік беру.

Тыңдалды:

1-ші мәселе бойынша мектеп директоры Ж.Хасанова елімізде сыбайлас жемқорлықты болдырмау және оған қарсы күресті күшейту шараларына орай заңдар қабылданып, оның алдын алу жұмыстары жүргізіліп жатырғандығына тоқталды. Заңды біліп, оған толыққанды қолдау көрсету әр мүшенің борышы. Сонымен қатар, жемқорлықпен күрес арнайы дайындалған мемлекеттік бағдарлама негізінде жүзеге асырылып, сыбайлас жемқорлықты болдырмау мен алдын алудың ең алғашқы нүктесі жастарды мектеп кезінен тәрбиелеу болып табылады. Ал, өзіміз білім беріп отырған оқушыларды осы бағытта тәрбиелегіміз келсе, алдымен өзіміз ұжым мүшелеріне сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетімізді қалыптастыруымыз керектігі айтылды.

Сөйлеушілер:

1. Г.Қанатқалиева: Қазіргі бұқаралық ақпараттық құралдарында, басылым беттерінде түрлі келеңсіз жағдайлар орын алып жатыр. Бұл жағдайлардың орын алуы адамадардың заңды білмеуліктерінен деп айта аламын. Көзі ашық оқыған білімді азаматтар бойынан осындай қателіктер болып отыр. Әр адам өз ісіне өзі жауапты. Әрқайсымыз өз ісімізге жауапкершілікпен адалдықпен қарасақ ондай жағдайларға ұрынбаймыз деймін.

2. Г.Жағыпарова : Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес елімізде қазіргі таңдағы науқан деп айтуымызға болады. Мектебімізде осы бағытта түрлі шаралар жүргізіліп жатыр. Аудан көлеміндегі сайыстарға қатысқан оқушыларымызда өз білімдерін көрсетіп келеді. Бүгінгі күн тәртібіндегі мәселеге келсек, әр адам заңды жақсы білуі тиіс.

Заң аясында жасалған әр ісіміз – сыбайлас жемқорлықпен күрестің алдын алу, онымен күресе білу. Осы біздің мәдениетті қалыптастыру дегеніміздің өзі деп есептеймін.

3. Н.Қаби: Шын мәнінде, түрлі жағдайларды теледидардан көріп біліп отырамыз. Құдайға шүкір мектебімізде уақытылы еңбек ақымызды алып уақытылы демаламыз. Көңілге қонымсыз жағдайлардан ұжым мүшелері аман айта аламын. Біздер, ұстаздар қауымы, тек білім беріп қоймай, оқушыларамызды тәрбиелеуде де жан-жақтымыз.

Соның бірі, осы жемқорлық дегеннен аулақ болуы үшін күресу. Ал онымен күресу дегеніміз- жемқорлыққа қарсы мәдениетімізді қалыптастыру. Ал, мұны біздің ұжым мүшелері дерлік біледі деп есептеймін.

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша қаулы:

1. Ұжым мүшелері арасында сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтың алдын-алу және оған жол бермеу әр мүшеге міндеттелсін.
2. Ұжым мүшелеріне сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бағытында саяси – құқықтық сауаттылығын арттыру жүктелсін.
3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жұмыс барысын қадағалау мектеп басшысы Ж.Хасановға міндеттелсін.



Жетісу тәртібі:

Ж.Хасанова

Б.Қайсағалиева